

67-20-81-кв.  
9-65-57.с1.  
Камилгал Джусов.

9<sup>00</sup>-10<sup>00</sup>

2

Кенен Әзірбаевтың 90 жасқа  
толуына.

А Й Т Ы С.

Кенен ақынның жырмасыншы жылдарғы  
~~ревком кезіндегі~~ өмір творчествосы-  
нан бір көрінісін (көрсетіп).

I-көрініс.

Көктем айы. Экранда сегіз қабат киіз үйдің қақ  
жартысының көрінісі. Бұл болыстың /ауыл советтің/ үйі.  
Кереге көадері бір шетте жиналған жүк. Тұтылған сырмақ.  
Кереге басында ілулі мытық, түлкі терісі, сумка, домбыра.  
Ортадағы дөңгелек столы айнала отырған кісілер. Олар Алматы  
уездік ревкомынан келген өкілдер: Иван Шпегальский, Кенен  
Әзірбаев және ~~екі~~ милиционер. Оң жақта Топар аулының  
болысы Оразымбет. Оның төңірегінде ауыл адамдары.

Оразымбет: Сөйтп, Қызыл әскерге көлік, жабдық жинағалы келдік деңіздеу  
ым... ым...

Шпегальский: бөріде жанадан құрылып жатқан қазақ атты әскерінің қамы.  
Оны сіздер, біздер болып жабдықтамасақ, кім жабдықтайды?

Оразымбет: Үш жүз көлік дейсіздерме? Тым көп екен!

Кенен: Қайта сіздерге аздау екен. Қордай болысы атты бар, түйесі  
бар бес жүздеу көлік жинағалы жатыр.

Милиционер: Қызыл әскерден аянатын неміз бар. Өзімізді қорғайтын армия  
емеспе!

Оразымбет: /Жан-жағына қарап/ Ал, жігіттерім, өлігі хатшы, орындаушы  
қайда? /болыс төңірегінде отырғандар ішінен "біз мұндамыз",  
"біз дайын!" деген сөздер естіледі/. Дайын болсаңдар, сен-  
дер, сонау Топардың шетінде отырған байлардан бастандарда,

тізім бойынша осы ауылға дейін жинап келіңдер!

~~Орындаушы: болма-еке, байлар бізге көпбей жүрер, мынау екі милицияны бізге қосып берсін?~~

~~Шпегальский: Жарайды /екі милицияға қарап/. Енеуінде барыңдар, жина-  
саңдар! /милициялар, орындаушы тағы біреулері сыртқа  
дүркірей шығады. олардың "арқап", "жүтеп", "нақта" ала  
жүріңдер деген дауыстары <sup>ее</sup>жітіліп жатады/.~~

Оразымбет: Әй, бәйбіше, кәне қазан көтер, дастархан жай, енді мына құрметті өкілдердің жайын жасайық.

Бәйбіше: Әлігі, келіңдер, қайда кеткен түге? күйбендеп сыртқа шығады./ оның

~~Қойшы жігіт: /Есік алдында бір кеше қозыны сүйреп келіп, "аумин" деп бата сурайды/ отырғандар қолын жайып бата береді./ Қойшы қозыны союға әкетеді/.~~

## 2-көрініс.

Экран сол қалпында. Дастархан кең жайылған, бауырсақ тейлеген. Бәйбіше қымыз сапырып, кесе шағалатын отырады. бәріде көңілді. Шпегальскийдің қасындағы комиссарша киінген Кенен муртын сиып қойып:

Кенен: Ал, ағайын, көлік жиналғанша тамаша қыла отырайық!  
/Ол кереге басында ілулі тұрған домбыраны алып құлақ күйіне келтіреді. Магнитофоннан Кененнің "Құлақ күйі" деген әуені тартылады/. Одан соң ол "Қызыл әскер әнін" шырқайды.

Отан шегін күзеткен қызыл<sup>е</sup>әскер,  
Еңбекші елден құралған біадың әскер.  
Бізге тиген душпандар баудай түсер,  
Құрыштай берік, жеңгіш біадың әскер.

Қ а й ы р м а с ы :

Компартия бастаған,  
Лаудан тақаш қашпаған,  
Қызы қыран қорғаным,  
Жаса, Қызы Армия!  
Жаса, Қызы Армия!

Көз жібер нулы байтақ жазықтарға,  
Біаден артық бақытты халық бар ма?  
Елімде ел қосылды, жеріме жер,  
Отанымдай муқалмас алып бар ма?

Қ а й ы р м а с ы .

Қойшы: Кенен аға, бізге арнаған өніңіз бар еді ғой, соны айтсаңыз екен?

Шпегальский: Қайсысы? Кенекеннің қойшы батырақтарға арнаған өні кеп қой? "Бозторғайма", "Батрактар өніме"? ри, қойым ба"...

Қойшы: "Бозторғайы" мен ри, қойымды" өзімде айтып жүрмін,  
"Батрактар өнін" айтсын?

Кенен: "Батрактар өнін" салады.

Теңдікке қолың жетті, батырақтар.  
Мерейің ұйымдассан онан да артар.  
Жер де, су да сенікі өз еңбегің,  
Байлардың күні туды қалтырақтар.

Жер, суға ие болдың жарлы-жақыбай,  
Егін сал, еңбек істе қарап жатпай.  
Орналас поселке боп, бау-бақша ек,  
Елерің атқа шауып көкпар тартпай.

*Қобш*  
~~Ауыл ақыны:~~

Кенеке, мына қыз-келіншектер, Көкшолақты" айтсын деп отыр?

Кенен: "Көк шолақ" әнін шырқайды.

Мінгенім астымдағы көкшолақ-ты,  
Жалы жоқ, құйрығы жоқ, шоң-шолақ-ты.  
Әй, қыздар, қойшысынбай елеңінді айт,  
Тусына біадей құрбың келіп қапты.

Қ а й ы р м а с ы:

Жыңдам жүрші, Көкшолақ,  
Шапшаң жүрші, Көкшолақ,  
Олай жүрші, Көкшолақ,  
Былай жүрші, Көкшолақ,  
Жамандатқыр, Көкшолақ,  
Арам қатқыр, Көкшолақ,  
Мені құртқан, Көкшолақ.

Мінгенім астымдағы қызыл шолақ,  
Қыз байғус әкесіне аз күн қонақ.  
Әй, қыздар, кедейсінбей елеңінді айт,  
Тусына келіп қалдым құдашалап.

Қ а й ы р м а с ы:

Мен өзім Алатаудың ителгісі.  
Қойшының қызға жақын икемдісі.  
Кедейсің деп кемітпе, байдың қызы,  
Келіп отыр құрбыңның сүйкенгісі.

Қ а й ы р м а с ы.

Қайырмасына келгенде, домбырасын, ерітіп, тізесін ұрып, жанын шапаттап айтқанда зұрт қыран күлкіге батады/.

*Қобым*  
~~Ауыл ақыны:~~

Кенеке, осы ауылда Латыпа деген айтыскер келіншек бар, сонымен айтысасыз ба?

Кенен:

Ол кім еді? Келтіріңдер, айтысын көрейік.

*Қобым*  
~~Жылыңшы:~~

Ой, сіз Ләтипамен айтыса алмайсыз. Оның төрізі бөлек!

Қойшы:

~~Ләтипа қайда, ол ашаның алты ақынын жеңіп кеткен пәле ғой.~~

~~Ауыл ақыны:~~

~~Ой, сендерде, айта береді екенсіңдер! Кенен ақынды оңай деп отырсыңдар ма?~~

Шегальский:

Кене, Ләтипа кімдермен айтысты, білетіндерің бар ма?

~~Ауыл ақыны:~~

Шөкелеп отыра беріп саусағын санап Сауытбек, Мидебай

*Қобым*

Әлдібай, Кешкінбай /өзгерінің аттарын есіне түсіре алмай қалады/ Әлгі, әлгі, аттары кім еді?

~~Жылыңшы:~~

Қайрақтай ше!

~~Ауыл ақыны:~~

Ә-Ә. Қайрақ баймен... *Досмырза мен...*

~~Қойшы:~~

Досмырзамен де айтысты емеспе.

~~Ауыл ақыны:~~

Па, Досмырзамен де сайысқан.

Шегальский:

Ал, сонда Ләтипа ол ақындарға не депті:

Дауыстар:

Кене, айтып жібер, айтып жібер!

~~Ауыл ақыны:~~

(домбыраны шеріп отырып, көпке қарап/ Ләтипа Қайрақбайға былай депті:

*Қобым*

Қайрақбай селдіреген мұртын жаман,

Емшектен салбыраған ұртын таман

Ешкіні иіскеген текеге ұқсап,

Аузыңды пошайтасың маған таман.

Дауыстар:

Ой, пәлі-ай, елтірген екен!

*Кобинь*  
~~Ауыл ақыны:~~

Бейсембек ақынға айтқаны мынау екен.

Бейсене, тары түйдім кебегі жоқ,  
Өлерім ұшан-теңіз келері жоқ.  
Өзіңнің қатарына айтсаңызшы  
Шалдардың аузы сасық керегі жоқ!

Дауыстар: Қал, онында аузына қум құйған екен.

~~Ауыл ақыны:~~ Мынау, Досмырзаға айтқаны:

*Кобинь*

Досмырзаға баспаймысың муртыңады,  
Боза иіс қылады жұртымады.  
Екі елі аузыңға ие болмай,  
Алғанын білмеймісің құнтыңады.

Дауыстар: Оны да оңдырмапты!

~~Ауыл ақыны:~~

*Кобинь*

Ашадан іздеп келген алты қақпас,  
Жастарға өлендерің енді жақпас!  
Қақпанның салдыры көп, қабуы жоқ,  
Түлкіге салмағы жоқ қақпан шалпас!

Дауыстар: Айтырмай, мына Ләтипаның сөзі көп ғой өткірі еді!

Алтауын бір-ақ ауз өлең мен сілейткен екен.

Осы кезде сырттап "Ләтипа келеді, Ләтипа" деген дауыстар есітіледі. Сәнді киінген Ләтипа кіріп бөріне иіліп сәлем береді/.

Оразымбет: Ләтипа келіп, сәламат бол шырағым!

Бәйбіше: бері кел қалқам, мына қыздардың қасына отыр. /Ләтипа қыз-келіншектер арасынан орын алады. Өз-ара шүйіркелеседі./

~~Ауыл ақыны:~~

*Кобинь*

Ал, халайық, тымшталындар, енді нағыз айтыстың өзі басталады.

Кенен:

Мен едім Кенен ақын Қордайдағы,  
Төгейін өлеңімді тандайдағы,  
Ләтипа, дыбысыңды естіп келдім,  
Жатсаң да Төмен Балқаш шалғайдағы,  
Өзіңдей өнерпазды көргенімде,  
Қайнайды зығарданым қай-қайдағы.  
Топардың тоғайында сен бір булбул,  
Әніңді қубыжығып салғай-дағы.  
Ақиық Алатаудың қыранымын,  
Қондырып бұтағына алғай-дағы.

/ Кенен жағы, "ой пәлі-ай" деп қолтайды/

/Ләтипа бір қыады өзіне икемдеп қосып алады да/

Ләтипа:

Сен бе едің, Қордайдағы Кенен деген,  
Құлағым келеді деп елендеген.  
Сыртынан естеуші едім Әтағынды,  
Ойда жоқ тулен тұртіп келер деген.  
Ашадан Сауытбек пен Жидебай кеп,  
Айтысып менен көңлі төмендеген.  
Қайрақбай, Әлдибай мен Көшкімбай кеп,  
Бейсембектен алты ақын шөмендеген.  
Болғанда сен іздеген, мен сураған,  
Іздеген сурағанға деген келген.  
Ат етпей, қап етпестен, Кенен құрбым,  
Азырақ сынасалық өлеңменен.

/Ләтипа <sup>те</sup> жағы көтермелеп қолтайды/ Штегальский:

~~Қой, саған мен қосылмасам болмас! Кененге жақын  
отырып, қосыла кетеді/.~~

Кенен:

Мен едім Дулаттағы Кенен ақын,  
 Жол жүріп жеті бекет келген ақын.  
 Тайымда атқа қосып елім мені,  
 Бейге алған оза шауып арғымақшын.  
 Жеңдім деп еңшең шалшы мақтанасын,  
 Олар қайда болып ед менен ақын.  
 Тілінді тарта сөйле асқақтамай,  
 Шаңыма ілеспейді сендей қатын.

Летипа:

Сен болсаң кім қорқады, Кенен ақын,  
 Жасыңнан жарымаған кедей ақын.  
 Мақтанба көрмегендей, білмегендей,  
 Қураған көк шолақпен сірі тақым.  
 Сен болсаң кім сескенең, Кенен болыс,  
 Қолына таяқ алған, кедей болыс.  
 Мақтайсың өзінді өзін көтермелеп,  
 Келсең де үш жүз түйе сұрап помощь.  
~~Бүкіл мынау қазақтан сөрік таппай,~~  
~~Басыңа қосып аласың "сары орыс"~~

~~/Апырмай, мына Летипаның тілінің ащысы ай!~~

Кенен:

Летипа, келтірмеші шайтанымды,  
 Біліп ем осы сөзді айтарыңды,  
~~Орыс пенен қазақты бөлетұғын,~~  
~~Кеңілің неге орыстан тойтарыңды.~~  
 Үш жүз түйе аламын әскер үшін,  
 Қом-шомьмен айдағын қайтарыңды.  
~~Талассаң тәр кезеңге мен шығармын,~~  
~~Тыртандың шауып көрші байтарыңды.~~

Дауыстар:

- аб, и эи - аб!

Ләтипа:

Ей Кенен, жүйрік емес, жүріскерсің,  
Өленге әуенменен мініскерсің  
Желініп кеңемін деп, алтықшағын,  
Шыңдасам сөз таба алмай тіміскерсің.

Дауыстар

~~Арының қайтпай жүрген ақын болсаң,  
Қызылы жүрген жолың жіңішкерсің.  
Көкбайтал күнде озып бөйгі алың жүр,  
Арт жағың бөйгі алса иіскерсің.~~

Кенен:

Ләтипа, бір көруге <sup>2</sup>ашық едім,  
Ауылың Хантаудағы қашық еді,  
~~Көкбайтал күнде озып жүргенменен~~  
~~Оны да жабы сөуірік басып еді.~~  
Туғырдан туған құлын шабан болып,  
Көшке де ілеспейтін жасық еді.  
Қазанның күйесіндегі ~~қара~~ байың *анау*  
~~Күйеуің~~ *мүйізбін* тандап тиген осы ма еді?  
~~Кетпеннің уңғысындай кеңірдегі,~~  
~~Көргенде қалдым түрін шошып енді.~~  
~~Қашар мен әрғымақты матағандай~~  
~~Жатасың қайты қана қасына енді.~~  
~~Жүрсенші Алматыға бізбен бірге,~~  
~~Қолың сүйгеніңе қосып сені.~~

~~Әбжан: Ей, мынау қалай, қалай сөйлейді?~~

~~Дауыстар: Тура - тұршы әбене, сөзді бөлмей!~~

Ләтипа: Ей, Кенен, қоқан, сестен қорықпаймын.  
Дұлдулмін, неше таңға зорықпаймын.  
Өленнің тандайымда уясы бар,  
Ешкімнен үйренбеймін, тарықпаймын.  
Болса да байым момын, елім жақсы,  
Үстінде үш болыс ел қалықтаймын.

Елімнің еркелеткен арқасында,  
Дарияда жүзіп жүрген балықтаймын.

Дауыстар: Латипа шыра <sup>Жеті</sup> Е-е, бәсе солай дөші!

Кенен: Латипа, асыл нарқын білген қандай  
Жас шақта күліп, ойнап жүрген қандай,  
Бұл күні әйелдерге ерік тиді.  
Қалайша жүрсің шыдап жаман байға-ай?  
Жанымда жау-жарақты қолдастар бар,  
Жүрсенші тілімді алсаң біаден қалмай.  
Жоқ болса жанашырың, сүйенерің,  
Өкімет пана болып қорғағандай....

~~Әбжан: Орыннан тұрып, кекештене сөйлеп/:~~

~~- Жұрттың ау, мынау не дейді, көп десеңдер қайтәді?  
Оны біреулері "отыр", "Айттыңдай", сеәді бәлме!" деп отыр  
ғызады/.~~

~~Латипа: О, Кенен, бұл сөзіне нана алмаймын,  
Шын айтсаң, мен сонынан қала алмаймын.~~

~~Байымды подводқа жұмсап жібер,  
Сонан соң жөнін тауып амаңдаймын.  
Ақ бата, қызыл қанды сузбаймыз деп,  
Баатты байлап, матап ел-ағайын.  
Өзіңдей өзілдеесем құрбыменен,  
Еркексіп ура береді жаман байым.~~

~~/Латипа осылай деген кезде күйеуі Әбжан Тайшыбай ұлы  
Қонышындағы қамшысын суырып алып, Латипаны сабай  
бастайды. Жұрт "Қой", "Қойлап" арашаға түседі./~~

~~Әбжан: Исігітім жетеді енді, бұл ауыпқан табаныңды жалтырат!  
Бұл менің қалыңым беріп, некелеп алған кзірім, оңда  
шаруаң болмасын!~~

1-Милиционер: Бұл не деген бузықтың! совет заңында әйелді сабады деген не сумдық.

2-милиционер: Бұл біаді басыңды. Айдап әкету керек өзін, көне устандар! /Екеуі Әбжанға қарай ұмтылғанда, Әбжан далаға тура қашады. Үй-іші опыр-топыр./

Дауыстар: /сырттан "кетті, кетті", "болыстың қара арғымағын міне қалты!" ой, ол енді жеткізбейді. Көл қамысқа қарай тартты". "бәрі бір ол "қашып құтыла алмайды. "Үкіметтің құрығы ұзын", усталады!"/

### 3-көрініс.

Әкранда тын-тәріп боп жатқан өкілдер. Иван, Кенен сумкаларын асынып жүргелі жатады. Сахна сыртындағы милиционерлер "былай ойда", "алдын қайтар" деп жиналған көліктерді реттеп, санап жүреді. Жыртылған Латипа кіреді.

Латипа: А Иван аға, мен енді бұл ауылда қалмаймын. Мені ала кеттіңдер!

Щегальский: Қой қалдам, саған ешкім тимейді.

Кенен: Латипажан, қамықпа, ел іші ғой сені жітім лақтай бір бәріге талатып қоймас мен мына көліктерді апарып табыс еткен соң қайтып ораламын.

Латипа: Жоқ, Кенеке, сен қайтып оралғанша Әбжан мені түйіп жең қояды. Қалмаймын енді қалмаймын!

1-милиционер: Жүрсе, жүрсін. барған соң анау әйел-қыздар күрсісіне түсіп, сауатын ашар,

Щегальский: Болмайды, жігіттер. бұл само ұйравство. сотсыз біреудің әйелін ажырата алмаймыз.

Оразымбет: Ауыл тентегін өзіміз тынп аламыз. Ыстының бір келіншегі өкілдерге еріп кетіпті деген сөз жаман. Қой,

келін шырағым! сені, сенің өнерінді сыйламайтын бұл ауылда адам жоқ. Бәріміз "Ләтипа" "Ләтипа ақын" деп, төбемізге көтеріп отырымыз.

Бәйбіше:

Қой жаным балалық жасама, мынау атаң дұрыс айтады. Жұтыңнан ажырама!

Кенен:

Ақ сақал, айтқаныңыз жөн. Ләтипадай ақын, оның өнері көр болмасын! оны сіздердің адал ниеттеріңізге тапсырдым. /Ләтипаға қарап/ Күніертең ауыл дан сауат ашу мектепбі ашылмақшы. Сонда оқитын боласың Ләтипа, әзірше қош бол! /Екеуі құшақтасып ажырасады/.

Ш ы м л д ы қ!

Қатысушылар:

1. Кенен - ревком председателі. 36 жаста.
2. Иван Шпегальский - Алматы уездік ревком өкілі - 40 та.
3. Ләтипа - Ақын келіншек - 25-те.
- ~~4. Әбіжан оның күйеуі. - 45-те.~~
5. Оразымбет - Топарелінің ауыл совет председателі /оны бәрі "болыс" дейді/ - 55-те.
5. Бәйбіше. Оның әйелі - 50-де.
- ~~7. Ауыл ақыны.~~
- ~~8. Орындаушы - болыстың шабарманы.~~
- ~~6. 1-миллиционер -~~
- ~~10. 2-миллиционер -~~
6. \* Қойшы.
- ~~12. Жылқышы.~~

Оқиға 1921 жылы Балқаш ауданы  
Топар ауылында болады.

602

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ

қор	2145
тізбе	1
іс	149

Алматы қаласы  
Нысанбек  
Жөрегіұлов

«Айттыс».  
К. Әзірбаевтың 90 жылдығына  
орай теледидардан көрсетілген  
хабардың сценарийі.  
Редакторы Қ. Тұмжасовтың  
түзетуімен.  
Машинкалық нұсқа.

Бастапқы және соңғы мерзімі 1974

Құжат саны \_\_\_\_\_

Парақ саны 12

6171	іс
1	тізбе
2145	қор